



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

*2020 жылғы 29 мамырдағы  
№ 16-13-170 д/с хатқа*

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің аралас тілде оқытатын орта білім беру ұйымдарына қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі болып табылады.

Білім беру ұйымдарындағы тіл саясаты<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңға сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушылардың ана тілінде оқуы мектептер ашу, сыныптар құру, сондай-ақ олардың жұмыс істеуі үшін білім беру ұйымдарының тиісінше мүмкіндігінің болуына байланысты қамтамасыз етіледі<sup>2</sup>.

2019 – 2020 оқу жылында 6975 мектеп жұмыс істеді, соның ішінде:

- 3729 қазақ тілінде оқытатын мектеп (53%);
- 1185 орыс тілінде оқытатын мектеп (17%);
- 2038 аралас тілде оқытатын мектеп (29%);
- 23 мектеп өзбек (12 мектеп) және ұйғыр тілдерінде (11 мектеп) оқытады.

Жалпы еліміз бойынша оқушылардың 66% қазақ тілінде білім алады (2000 жылы – 52%). Ұлты қазақ 1824 086 баланың 1550 474-і өз ана тілінде оқиды.

Мемлекеттік тілді дамытуға мемлекет ерекше назар аударуда. Мысалы, 1991 жылмен салыстырғанда қазіргі уақытта орыс тілінде оқытатын мектептер саны 2252 бірлікке азайған, қазақ тілінде оқытатын мектептер саны 822 бірлікке артқан. Аралас тілде оқытатын мектептер біртіндеп қазақ тіліне қарай ойысуда (бүгінгі күнде оларда 50% қазақ тілінде, 44% орыс тілінде, 6% өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде білім алуда).

<sup>1</sup>«Білім туралы» ҚР Заңының 9-бабының 1-тармағы.

<sup>2</sup>«Білім туралы» ҚР Заңының 9-бабының 3-тармағы.

Оқытатын тілге қарамастан барлық білім беру ұйымдары Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес мемлекеттік тіл ретінде «Қазақ тілі» пәнін оқытуды қамтамасыз етеді.

Орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде оқытатын сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» жас ерекшеліктеріне байланысты бастауыш білім беру деңгейінде 2-4 сағат (*аптасына 10-12 сағат*), негізгі орта білім беру деңгейінде 3-5 сағат (*аптасына 17-25 сағат*), жалпы орта білім беру деңгейінде 4-5 сағат (*аптасына 8-10 сағат*) оқытылады.

Орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытын білім алушыларға арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін зерделеуге қойылатын талаптар «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттілігі» деңгейіне қарай анықталады (*SEFR*).

2016 жылы алғаш рет қазақ тілін оқыту әдістемесі үшін негіз болған «Жалпы орта білім беруге арналған қазақ тілінің жиілік сөздігі» әзірленді.

Жиілік сөздігі ең жиі және ең сирек қолданылатын сөздерді қамтиды. Жиілік сөздігінің негізінде жаңартылған оқу бағдарламасының тақырыптарына сәйкес орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқытудың лексикалық-грамматикалық минимумдары бекітілді.

Бастапқы деңгейде балалар қарым-қатынас үшін ең қажетті сөздер мен сөз тіркестерін меңгереді. Келесі деңгейлерде біртіндеп сөздер саны артады, сөз тіркестері мен сөйлемдер күрделенеді.

Қазіргі уақытта 1-11 сыныптарға арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулықтары осы лексикалық-грамматикалық минимумдар негізінде әзірленуде.

Барлық білім алушылар 9-11 сыныптарда қорытынды аттестаттауды өткізу талаптарына сәйкес «Қазақ тілі» пәні бойынша міндетті түрде мемлекеттік емтихан тапсырады.

Бүгінгі таңда гуманитарлық пәндерді, оның ішінде «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін басым дамыту мақсатында республика бойынша Абай атындағы мектептер мен мектеп-интернаттар желісі ашылуда.

Қордай ауданы бойынша 2019 – 2020 оқу жылы 48 мектеп жұмыс істеді, оның ішінде қазақ тілінде – 22, орыс тілінде – 5, аралас тілде – 21. Жалпы контингент 30 462 оқушыны құрады, оның ішінде 17 922 (58,8%) қазақ тілінде, 12540 (41,2%) орыс тілінде оқыды.

Қазақ тілінде оқытын топтар мен сыныптарды көбейту мақсатында ата-аналар мен педагогтер үшін түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Жамбыл облысының тілдерді дамыту жөніндегі облыстық орталығының базасында педагогтер үшін қазақ тілін оқыту курстары өткізілуде. Қазіргі кезде жеделдетілген бағдарлама бойынша орта білім беру ұйымдарының 130 педагогі қазақ тілін оқыту курстарынан өтуде.

Болжамдық деректер бойынша Жамбыл облысында 2020 – 2021 оқу жылы бастауыш сынып оқушыларының 75% қазақ тілінде оқытын болады. Алдын ала мәліметтерге сәйкес Қордай ауданы бойынша қазақ тілінде оқытатын 1 сыныпқа 2 592 бала қабылданатын болады.

Соңғы жылдары мамандардың жетіспеушілігіне байланысты білім алушыларды өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде оқу-әдістемелік қамтамасыз ету күрделене түсуде. Осыған байланысты өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде оқитын білім алушыларды біртіндеп қазақ тіліне көшіру жұмыстары басталды.

Сонымен қатар, аралас мектептер санын қысқарту жөніндегі жұмыс жаңа мектептер салу және қазақ тілінде оқитын балаларды қамтуды кеңейту жолымен жалғастырылатын болады.

Жалпы, сіздер көтерген мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**А. Мамин**

Орынд.: Абдрахимов Н.Е.  
Тел.: 745410